

ҒТАР 17.82.10

Ғылыми мақала

А.Т. Кембаева*Ш. Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті,**Тараз қ., Қазақстан**(E-mail: kembaeva_ainur@mail.ru)***Абай Құнанбайұлының «Жапырағы қуарған ескі үмітпен»
өлеңінің мәні мен поэтикасы**

Аңдатпа. Абай Құнанбайұлы өз шығармашылығын адамгершілік құндылықтарды, білім мен ғылымды іздеуге шақыруға, тіл қасиеті мен сөз қадірін, өнерді түсінуге және тыңдаушысына ұғындыруға арнады. Сондықтан ақынның аталмыш идеяларды сақтай отырып, өлең поэтикасынан ажырамай, шебер ұсынуы шығармашылық шеберлік сипатын айқындайды. Ақын шығармашылығының астарлы мәнін тану, зерттеу, поэтикалық қырын саралау қазіргі әдебиеттану ғылымы үшін де, жалпы ұлт мәдениеті мен философиясы үшін де өзекті. Зерттеудің мақсаты – Абай Құнанбайұлы поэзиясының мағыналық өзегі мен поэтикалық сипатын айқындау. Мақалада Абай Құнанбайұлының «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» өлеңінің мән-мағынасын тың көзқараспен сипаттауға және өлең поэтикасын талдауға, өлең өлшемдерінің ерекшеліктерін анықтауға, соған сай зерттеу тұжырымдарын жасауға баса назар аударылады.

Өлеңнің көркемдік көрінісінің шеңбері мен ақын тарапынан жүзеге асырылған шығармашылық ізденіс, ішкі толғаныс көріністерін бақылау, логикалық талдау және интерпретациялау, сонымен қатар поэтикалық талдау әдістері жүзеге асырылады. Зерттеудің негізгі материалы ретінде ақынның поэзиясы маңызды рөл атқарады.

Мақалада назарға алынған теориялық ақпарат пен авторлық тұжырымдар жұмыстың теориялық мәнін айқындаса, нақты өлеңге жүргізілген поэтикалық талдау үлгісі практикалық сипатын танытады.

Түйін сөздер: поэтика, мән, ақын, Абай Құнанбайұлы, поэзия

DOI: <https://doi.org/10.71078/m4yrrs58>

Түсті: 30.10.2025; Мақұлданды: 14.12.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025.

Кіріспе

Абай Құнанбайұлының ақындығы өзінің жаңашылдығымен, қазақ әдебиетіне, өлең өнеріне енгізген ерекшеліктерімен өз кезеңінде де, қазіргі таңда да өзекті. «Қай тұрғыда болса да, Абай тілін әңгіме ету оның творчествосын талдаумен қатар жүріп келді. Әрине, бір дәрежеде, бірдей қырқында емес. Сөз жоқ, ең алдымен, жазушы творчествосының идеясын, тақырыбын, мазмұнын танып-білу қажет болды. Мазмұнның формасына, яғни қаламгер тіліне үңілу содан кейін басталады» (Абай тағылымы, 1986: 324), – деген зерттеуші Рәбиға Сыздықтың тұжырымына назар аударсақ ақын шығармашылығы терең мән-мағынасымен, тың идеяларымен, жаңа поэтикалық құбылыстармен, өлең өнері туралы суреткерлік ізденістермен құнды. Сондай-ақ ақын поэтикасын талдауда ең алдымен шығарманың мән-мағынасына көңіл бөлу қажеттілігін аңғарамыз.

Абай өлеңдерінің мәні сөз өнері мен тіл қасиетін, өнерді тыңдаушыға дөп жеткізудің, тыңдаушы танымының молаюын, адам бойындағы ізгі қасиеттер мен адамшылық қағидаларын қамтиды. «Абайдың ақындық ауданы кең. Ол ақындық өнерінің бір-ақ мазмұнды, бір-ақ түрлі саласын қуып отырған емес, Абай ақындықты, тіл өнерін ақындықтың әр жағына да жұмсайды. Бірақ соның бәрінде Абай ақылшы, үгітші, не

айтса да, не жазса да әлеумет өмірінен бастап отырады. Өлеңінің көбі үгіт-насихат, мінез-құлық түзеуге арналады...» (Абай тағылымы, 1986) – деп баға берген Ілияс Жансүгіров пікірі де ақынның сөз өрнегінің мазмұндық тереңдігін байқатады.

Абайдың өмір шындығына және рухани әлемге деген көзқарасы өлеңдерінің мазмұны мен поэтикалық суреттеулерінде толық көрініс тапқан. Ақын өлеңдері мазмұны жағынан жан-жақты әрі лирикасында өмір мен адамгершілік мұраттары туралы ойларымен бөлісіп отырады. Сонымен қатар Абай шығармаларының негізгі өзегі де аталмыш тақырыптар аясында өрбиді. Ақын өлеңдері арқылы жаңа ой, жаңа тұжырым, жаңа ақпарат, жаңа іліммен бөлісуді мақсат етеді. Бұл суреткердің ақындық пен өлең өнерін тыңдаушымен қарым-қатынас құралы ретінде де кеңінен қарастырғанынан хабар береді.

Зерттеу әдістемесі

Өлеңнің мәнін ашу және оны поэтикалық тұрғыда талдау үшін, біріншіден, поэзияға тән сыртқы және ішкі өлшемдеріне назар аударамыз. Сыртқы өлшемдеріне ырғақ пен өлеңге лайықты өлшем, ұйқас, шумақ, қысқа әрі нұсқалық жатса, ішкі өлшемдеріне мағына шоғыры мен тереңдік, күрделілікті көркемдікпен үйлестіре білу, тілдік құралдары ұтымды әрі қажет тұста қолдану секілді ерекшеліктермен сипатталады (Каминская, 2025). Абай поэзиясында аталған өлшемдерің өзара үйлесімде сақталғанын, ақынның мазмұн тереңдігі мен көркемдік бірліктерін параллель қолдану шеберлігін игергенін анықтадық. Олар бір-бірін толықтырып, өлең мәнінің тыңдаушы танымына ашыла түсуін қамтамасыз етеді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Ақынның «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» өлеңі 1901 жылы жазылған. Өлең 3 шумақтан, әр шумағы 4 тармақтан тұрады. Өлең тақырыбына назар аударсақ, ақын тыңдаушымен белгілі бір ойды, ішкі толғанысы және тәжірибесімен бөлісуді мақсат ететінін байқаймыз. Ақын:

Жапырағы қуарған ескі үмітпен

Қиял қып өмір сүріп, бос жүріппін.

Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды

Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн (Құнанбаев, 2021) – деген алғашқы шумаққа жалпы өмір және оның өткіншілігін, өз өмірінің тәжірибесін, өзінің тіршіліктегі ішкі жан тебіренісі мен арман-қиялын, өткен күндерге деген сағынышы мен өкінішін, арманын арқау етеді. Дегенмен берілген шумақта ақын өз үмітінің, қиялының, көңілінің алаңын, өткен күн өкінішін ашық, қарапайым сөзбен жеткізбейді. Бұл – ақынның шығармашылық шеберлігінің бір қыры.

Ақын адамның жан-дүниесіндегі сезім және ішкі қиялдың әр тыңдаушыда әрқилы келетінін, сондықтан өлеңде айтылған «үміт», «қиял», «көңіл», «өткен күн» секілді ұғымдардың адам өміріндегі ортақ сипатын пайдалана отырып, өзінің толғанысымен де бөліседі, тыңдаушының толғанысына да мүмкіндік береді. Демек өлеңде автор тарапынан берілген жасырын мән бары дәлелді. Бұл туралы: «Өнер туындыларының жүйесінде жасырын мәннің болатыны туралы ой әу бастан бар. Бұл ой көркем әдебиетке, әдеби шығармаға тікелей қатысты. Суреткердің белгілі өмір құбылыстары туралы айтқысы келген ойын өз шығармасында түгел, шашау шығармай баяндау мүмкіншілігі шектеулі. Өйткені өмірдің шындық құбылыстарының қыры да, сыры да мол. Суреткер өмірдің шындық құбылыстарын қанша толық суреттеуге ұмтылғанмен, көптеген жайлардың шығарма желісінен тыс қалатыны анық. Ал шығарма жүйесінде көрініс тапқан шындық құбылыстар және оларды қабылдаудан туатын әсер мен түсінік шығарма желісінен тыс қалған жайларға мезейтін сәттер де болады. Ондай

жайлардың мәнін ұғу, түсіну – қабылдаушының санасының тереңінде ғана өтетін өте күрделі, сөйте тұра нәзік шығармашылық процесс» (Дәдебаев, 2025) – деп абайтанушы Жанғара Дәдебаев та өз еңбегінде жүйелі тұжырым жасаған. Абай өлеңінде, ең алдымен, ақынның тыңдаушысына бағытталған мағынаның жататынын ескерсек, астарлы мәнді тыңдаушының түсінуі, тануы, өзіндік тұжырым жасауы зерттеуші атаған шығармашылық үдерістің жүзеге асуын білдіреді. Мұнда ақын тыңдаушыға өмірдің өткіші екенін ескерте отырып, оны адал мақсат пен адамгершілік істерге жұмсамаса арты сағыныш пен өкінішке айналатынын айтады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Абай өлеңнің мән-мағынасын аша түсу үшін суреткерлікке тән көркемдік амалдарды қолданады. Мысалы, «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» тармағындағы «үміт – жапырақ» метафорасына көңіл бөлсек, ақын айтқан үміттің өзінің мәнінің өзге «жақсылыққа үміттену», «келер күнге үміт арту» секілді үзілмеген сипатын емес, нақты «жапырағы қуарған», яғни «дәрменсіз», «үзілген» үмітті білдіріп тұр. Өлеңнің ақын өмірінің соңғы жылдары жазылғанын еске алсақ, ақынның ішкі сезімінің астарлы мәнін айқын аңғарамыз. Сонымен қатар «Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн» тармағындағы «бұлдыр күн» эпитеті өтіп кеткен өмір көрінісін анықтап тұрған бейнелеу құралы ретінде қызмет атқарып тұр. Мұнда «бұлдыр» сөзі «мұң», «көңілсіздік», «белгісіздік» секілді метафоралық бейнелеу сипатын да беріп тұрғаны байқалады. Ал «күн» сөзі «уақыт» пен «өмірдің» символы ретінде көрініс тапқан.

Поэзияның негізгі материалы «сөз» екені белгілі (Жирмунский, 1977). Абай сөздің мәні мен көркемдігін бірлікте ұстау арқылы өлеңнің мағыналық реңкін де, поэтикалық сипатын да тең ұстайды. Бұл да ақынның шығармашылық тәжірибесінің нәтижесі деп танимыз.

Өткен күндерді сағынуын ақын «Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды» тармағы арқылы сипаттайды. Мұнда ақын өзінің ішкі күйін ауыспалы мағынасында, яғни метафора ретінде «жыбыр қағып» және «көңіл тыншытпайды» деп кейіптей отырып суреттейді. Адам көңіліндегі мазасыз күйді сыртқы дене қозғалысындай сипаттай отырып, тыңдаушысына дәл жеткізеді. Демек өлеңнің алғашқы шумағында ақын адамның ішкі психологиялық күйін сыртқы іс-әрекеттер негізінде бейнелейді. Бұл өлеңнің көркемдік сипатымен қатар, психологиялық портрет бірлігі ретінде де, яғни көңіл-күйдің көркем көрінісі сипатында да айқындалып тұр.

Келесі шумағында ақын:

*Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға түйме қызықты қиялдан күс.
Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен*

Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш? (Құнанбаев, 2021) – дейді. Берілген шумақта ақын алдыңғы ойының жалғасы ретінде өткен өмір көріністерін өздігінше талдайды. Адам өмірінің мәні қызық пен қиял емес екенін, өмірдің көзді ашып-жұмғанша өте шығатынын, сол өмір жолында пенденің құр қиялға бас ұрып, қызық қуып, өз бойындағы қуат-күшін бос нәрсеге жұмсап, ақырында өкінішке бой алдыратынын айтады. Адам өмірінің әр сәтінде өзінен есеп алып отыруы керектігін және өмірдің тез аяқталатынын ескертеді. Ақын өлең бойына осындай кең көлемді мәнді сыйғызып, оны ақындық шеберлігі аясында түрліше көркемдей түседі.

Абай «Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс» деген тармағында өмір философиясына терең бойлай отырып, «өмір – түс» метафорасын шебер қолданған. Өмірді осылай суреттеу арқылы оның «өткінші», «уақытша» екенін, «елес» секілді құбылыс ретінде тыңдаушыға өз интерпретациясы арқылы түсіндіруді мақсат тұтады, еске салуды көздейді.

Абай өмірді ұйқыдағы бір сәттік «түс» деп ауыспалы мәнінде көркем жеткізеді. Әрине, ақын бұл арқылы сол тез уақыт аралығында игі іс жасауды, адал болып, алға мақсат қояды, білім мен ғылымға ұмтылуды, күнделікті күйбең тіршілікке алданып жүре бермеуді астарлайды. Сонымен қатар «өмір емес, бір көрген түс» дегенінде антитезалық қарама-қарсылық сипатын танымыз. Мұнда шынайы өмір мен жалған өмір, өмір мен түс арасындағы қарама-қайшылық көрінісі «өмір» ұғымының мағынасына тереңдеуге мүмкіндік беріп тұр. «Ойға түйме қызықты қиялдан күс» деп мағынасыз қиялдан арылу жолын айтады.

«Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен, Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?» деген тармақтарда ақын тыңдаушымен коммуникацияға түседі. Тыңдаушыға ой салып, жан түкпіріндегі толғаныстарын оятуға тырысады. Сондай-ақ «ыстық жүрек» эпитетін қолдану арқылы адамның мейірімділігі мен адамгершілік көрінісін, ықылас пен сүйіспеншілікті бейнелейді. Мұндағы «өң-шырай» және «қуат пен күш» те анықтауыш бейне ретінде эпитет қызметін атқарып тұр. Алғашқысы өмір мен өң, жастық пен рухани сұлулық келбетін сипаттаса, екіншісінде адамның серпіні мен ерік-жігерін, іс-әрекет қуатын бейнелейді.

Абай өлеңінің аталмыш тармақтарында синтаксистік параллелизмнің айқын көрінісі де бар. Мәселен, «Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?» тармағындағы құрылымдық тәсіл осыны дәлелдейді. Мұндағы ақын атап отырған әр тіркес адамға тән рухани және физикалық болмыстың сипатын ашып, өлеңнің поэтикалық ырғағы мен мағына үйлесімділігін сақтап, дамытып отырады. Сондай-ақ ақынның «жүрек» символын «өмір» ұғымымен қатар қолдануы оны адамның өмір сүруінің басты тірегі ретінде ғана емес, оның өмірінің көркемдігі мен өзінің адами қасиеттерінің айнасы ретінде де түпкі рөл атқаратын фактор екенін айқындайды.

*Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым,
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің,*

Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым! (Құнанбаев, 2021) – деген тармақта ақын өз ойын қорыта түсіп, өзінің өзге де шығармаларында көрініс табатын «көптің» образын суреттейді. Адамның ақыл-ойы мен өзіндік ұстанымы, мықты жігері болмаса, көпке еріп, көппен ілесіп кете беретінін ескертеді. Дегенмен ол көп шындық пен адалдыққа, ынтымаққа ұмтылмаса, оған еру яки оның сөзін тыңдау бос әурешілік, адасқандық белгісі екен ұғындырады. Сондай-ақ адамның, әуелі, өзін-өзі жаман әдеттен, жағымсыз мінез-құлықтан, қисық жолдан, арамдықтан сақтап, күзетуі тиіс екенін айтады. Ақын өлеңінде өмір жолы мен ондағы адамның орны, адамның өмір сүрудегі қимыл-әрекеті мен арманы, мақсаты – барлығы шығарманың негізгі идеясы мен мән-мазмұнын түсіндіреді.

Абай «Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым» дей отырып, «жұрт – сағым» метафорасы арқылы, терең мағынасында адамның өмірге уақытша келетінін, жұрттың да уақытша тіршілік ететінін, жұрттың ойы мен әрекетінің құбылмалы болуы оның тұрақсыздығы мен берекесіздігін көрсететінін бейнелейді. Мұнда жұрттың құбылуы – адам ойының құбылмалылығы, тұрақсыздық көрінісі. Яғни екінші тармақтағы ойдың екінші бөлігінде «Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын» деген тармақ сол жұрт кейпін айқындап тұр. Сол жұрттың ішінде ақын да, тыңдаушы да барын ескеріп, Абай «Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің» деп, адамның өз ойының қалыптасуын, ішкі ерік-жігерінің мықты болуын, көрінген сөзге еріп кетпес, оң сөз бен теріс сөзді ұғуға ұмтылуы қажеттігін алға тартады.

«Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің» тармағы нақыл сөз үлгісіндегі философиялық әрі поэтикалық көрініс. Мұндағы «көптің аузын күзету» ауыспалы мағынасында метафоралық сипатқа ие.

«Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым!» деген соңғы тармағында ақын ойын тағы да өз

тыңдаушысына бұрады. «Өзіңді өзің күзет» деген ой астарында Абайдың адамгершілік қағидаларының идеясы жатқанын ескеруіміз керек. Бұл ақынның «ұлт мінезін түзеу» идеясын айқындайды. «Халық бейнесі, ұлт мінезі ақын өлеңдерінде басты назарында. Абай Құнанбайұлы адамзатты ізгілікке шақыру жолында алдымен туған шаңырағынан бастап, кейін төңірегінен, одан әрі ру, кейін барып барлық қазаққа үндеу тастады. Содан кейін ақындық поэзиясындағы адресаттық шеңбер адамзаттық аудиторияға дейін жетіп, Адамзаттың Абайы атанды. Осы жолда елдің мінезін түзетуді, адамның ұғым-түсінігін кеңейтуді ол өзінің басты мақсаты етіп айқындайды. Сонымен бірге біз қандай қасиеттерді игеріп, неден ада болуымыз қажет екенін ашып көрсетті» (Ғынара & Мағазбеков, 2021).

Қорытынды

Абайдың «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» өлеңінің мәніне тереңдеу арқылы ақынның ішкі толғаныстары мен ой-тұжырымдарының, ақындық мақсаты мен адамдық мақсатының көріністерін елестетуге, түсінуге мүмкіндік алдық. Ақын өлеңінің әр шумағында нақты ойдың тізбегі, нақты тыңдаушыға бағытталғандық сипаты бар екені анықталды.

Ақынның шығармашылық шеберлігінің айқын көрінісі – өлеңнің поэтикасынан ажырамай, мағыналық суретін де бере білгені. Тыңдаушы ақынның түрлі көркемдік тәсілдермен бейнелеген құбылыстары мен сезімдерін, негізгі идеяны еркін қабылдап, өзінің өмір туралы көзқарасын дамытуға, өзгертуге, өмір сүру дағдысын, өз ұстанымдарын қалыптастыруға мүмкіндік алады. Өлеңнің мәні мен поэтикалық сипаты өзара үндестікте, тығыз үйлесімде екенін аңғардық. Аталмыш өлеңнің мәні мен поэтикасын айқындау барысында ақынның өмір туралы көзқарасы ғана емес, шығармашылық және философиялық тұрғыда жүргізген зерттеуінің іздері де анық байқалады. Демек Абай Құнанбайұлы шығармаларының мән-мағынасы және поэтикалық көрінісі ақын шығармашылығының идеялық тереңдігін айқындайды. Сондықтан ақын шығармашылығындағы адамгершілік идеясы адамзат үшін өз заманында да, бүгінгі ХХІ ғасырда да аса құнды әрі өзекті деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

- Абай тағылымы: Әдеби сын-мақалалар мен зерттеулер. (1986). Алматы. Жазушы.
- Дәдебаев, Ж. (2025, қазан 14). Абайдың «Сегіз аяғы»: мән-мағына поэтикасы. <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=965>
- Жирмунский, В.М. (1977). *Теория литературы. Поэтика. Стилистика*. Ленинград. Наука.
- Каминская, Ю.В. (2025, қазан 14). *Поэзия. Теории и интерпретации*. Лекции ученых МГУ. <https://teach-in.ru/file/synopsis/pdf/poetry-theories-and-interpretations-MKv0.pdf>
- Құнанбаев, Абай (Ибраһим) (2021). *Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Өлеңдер. Поэмалар / құраст. және жалпы ред. Ж. Дәдебаев*. Алматы. Қазақ университеті.
- Ғынара, А.А., & Мағазбеков, Н. (2021). Абай поэзиясындағы ұлттық болмыс пен мінез. *Keruen ғылыми журналы*, 73(4), 1–9. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-22>

References

- Abai teachings: Literary critical articles and studies*. (1986). Almaty. Zhazushy.
- Ғынара, А.А., & Magazbekov, N. (2021). National identity and character in Abai's poetry. *Keruen Scientific Journal*, 73(4), 1–9. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-22>
- Dadebaev, Zh. (2025, October 14). *The meaning and poetics of Abai's "Segiz ayak"*. <https://>

abaialemi.kz/kz/post/view?id=965

Kaminskaya, Yu.V. (2025, October 14). *Poetry: Theories and interpretations*. Lectures by MSU scholars. <https://teach-in.ru/file/synopsis/pdf/poetry-theories-and-interpretations-MKv0.pdf>

Kunanbaev, Abai (Ibrahim). (2021). *Selected works. In two volumes. Volume I. Poems. Epics* (Zh. Dadebaev, Ed.). Almaty. Kazakh University.

Zhirmunsky, V. M. (1977). *Theory of literature. Poetics. Stylistics*. Leningrad. Nauka.

A.T. Kembaeva

*Sh. Murtaza International Taraz University,
Taraz, Kazakhstan.*

(E-mail: kembaeva_ainur@mail.ru)

The Meaning and Poetics of Abai Kunanbayev's Poem *Japyraǵy qýarǵan eski úmitpen*

Abstract. Abai Kunanbayev devoted his work to calling for the pursuit of moral values, knowledge and science, and understanding and comprehending the quality of language, words and art. Therefore, the poet's skilful presentation, preserving these ideas without departing from the poetics of the poem, determines the nature of his creative mastery. The recognition, study and differentiation of the poetic aspect of the subtext of the poet's work are relevant both for contemporary literary studies and for the culture and philosophy of the nation as a whole.

The aim of the study is to reveal the semantic basis and poetic nature of Abay Kunanbayev's poetry.

The article focuses on a detailed description of the meaning of Abay Kunanbayev's poem "With old hope, whose leaves are yellow" and an analysis of the poetics of the poem, identifying the characteristics of poetic dimensions and drawing relevant research conclusions.

It involves a creative search carried out by the poet within the framework of the artistic expression of the poem, observation, logical analysis and interpretation of manifestations of inner contemplation, as well as methods of poetic analysis. The poet's poetry plays an important role as the main material of the study.

While the theoretical information and author's conclusions taken into account in the article determine the theoretical essence of the work, the model of poetic analysis of a specific poem demonstrates its practical nature.

Keywords: poetics, meaning, poet, Abai Kunanbaev, poetry

A.T. Кембаева

*Международный Таразский университет имени Ш. Муртазы,
г. Тараз, Казахстан.*

(E-mail: kembaeva_ainur@mail.ru)

Смысл и поэтика стихотворения Абая Кунанбаева *Japyraǵy qýarǵan eski úmitpen*

Аннотация. Абай Кунанбаев посвятил свое творчество призыву к поиску нравственных ценностей, знаний и науки, пониманию и осмыслению качества языка и слова, искусства. Поэтому умелое представление поэта, сохраняя эти идеи, не отрываясь от поэтики стихотворения, определяет характер творческого мастерства. Признание, изучение, дифференциация поэтического аспекта подтекста творчества поэта актуальны как для современной литературоведческой науки, так и для культуры и философии нации в целом.

Цель исследования – выявить смысловую основу и поэтический характер поэзии Абая Кунанбаева.

В статье основное внимание уделяется детальному описанию смысла стихотворения Абая Кунанбаева «*Jaryraǵy qýarǵan eski úmitpen*» и анализу поэтики стихотворения, выявлению особенностей стихотворных измерений, созданию соответствующих исследовательских выводов.

Осуществляется творческий поиск, осуществляемый поэтом в рамках художественного выражения стихотворения, наблюдение, логический анализ и интерпретация проявлений внутреннего созерцания, а также методы поэтического анализа. Важную роль в качестве основного материала исследования играет поэзия поэта.

В то время как теоретическая информация и авторские выводы, принимаемые во внимание в статье, определяют теоретическую сущность работы, модель поэтического анализа конкретного стихотворения демонстрирует практический характер.

Ключевые слова: поэтика, смысл, поэт, Абай Кунанбаев, поэзия.

Автор туралы мәлімет:

Кембаева А.Т. – PhD, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Тараз қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7159-52304>

Information about authors:

Kembaeva A.T. – PhD, director of the «Sherkhanтанu» Scientific Research Center, Sh. Murtaza International Taraz University, Taraz, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7159-5230>

Сведения об авторе:

Кембаева А.Т. – PhD, директор научно-исследовательского центра «Шерхантану», Международный Таразский университет имени Ш. Муртазы, г. Тараз, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7159-5230>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License